

зерттеушілер қазақтардың бұған дейінгі қолданылып келген әдеттегі құқық нормаларының бір жүйеге келтіріліп, толықтырылған нұсқасы деп қабылдайды [7,104]

Қазақтар көшпелі қоғам өмірінің ішкі тыныштығын сақтау, адам өмірін қамтамасыз ету мәселелеріне қатты мән берген. Оны біз «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы» және Тәуке ханның «Жеті жарғысынан», сол секілді басқа да ірі қазақ заңдарынан көреміз. «Жеті жарғыны» заңгер-ғалым Артықбаев Ж.О. “қазақ халқының дәстүрлі мемлекеттік және құқықтық мәдениетінің алтын қорынан сақталған қымбат қазына” деп бағалайды[9,5]. Қазір ата-бабаларымыздың аруақтары қайта оралып, әдет-ғұрыпымыз бен халқтық дәстүрлеріміз күшіне ене бастады. Өз алдына егемендік алып, тәуелсіз жолға түскен Қазақстан мемлекеті үшін ата-баба мұралары қасиетті саналып, төл заңдарында сол ата-баба мұралары қағида-ережелері өз орнын аларына күмән келтірмейміз. Әрдайым халқымызды ата-баба аруақтары қолдап, жалғыз алла жар бола берсін!

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақтың ата заңдары – Алматы: Жеті жарғы 2004
2. С.Сейфуллин 6 томдық шығарма жинағы. Алматы; Жазушы 1994ж
3. Нығмет Ж.. Н Қазақ тілі хрестоматиясы. 2003
4. Материалы по казахскому обычному праву. Алма – ата 1998
5. Өсерұлы Н. Жеті жарғы: -Алматы: Жеті жарғы, 1995.
6. Қазақ ұлттық энциклопедиясы Алматы 2001
7. Елтұтка .Астана: Күлтегін, 2001.
8. Материалы по казахскому обычному праву. Алма-ата 1998 С 98.
9. Артықбаев Ж . О. Жеті жарғы. – Алматы: Заң әдебиеті, 2003

МЕРКЕ Өңіріндегі көне түркі ескерткіштері

Әсем Зинулла

СДУ, Экономика факультетінің 1-курс студенті.

Ғылыми жетекшісі: М.А. Құсайынова

Аннотация

2001-2002 жылдары киелі Мерке жерінің аңғарында орналасқан Сандық жайлауында, Мүйізді қора жерлерінде орналасқан көне түркі археологиялық ескерткіштеріне Археологиялық қазба жұмыстары жүргізілді.

Меркедегі археологтар табысы - әлемдік деңгейдегі жаңалық..Бүгінгі таңда Мерке отанымыздың,ұлттық тарихымыздың теңдесі жоқ археологиялық ескерткіштерінің бірі.

Дала мен қырдан, тау мен жайылымдардан табылған тас мүсіндер, жартастағы суреттер, Орталық Азия далаларында мекендеген халықтардың өмір салты расында да номадтық болған деген ойды бекіте түседі. Мұндай өмір салтының негізгі мазмұны көшпендінің қоршаған табиғи ортаға бейімделуінде болып жатыр.

Көшпенділер көзқарасы табиғат пен бірлік идеясына негізделген. Тау, үңгір және ағаш оларды туыстастырыды, су сөзсіз қасиетті болды, ал егер ол бұлақ ,тас, жартасты тесіп шығып ағып жатса, әрі жағасында ағаш, тіпті шыбық өсіп тұрса, онда бұл жер табыну объектісіне айналатын. Мұндай жерде ру мен тайпа басшылығының қызметінің әр қырын, ұлылығын көрсететін ескерткіштер тұрғызылды.

Көне түріктердің рухани өмірі қанша күрделі болғанмен, ол бабаларымыздың табиғат пен туған жерге деген сүйіспеншілігін, сауаттылық пен білікке ұмтылған құлшынысын, ел тұтастығын сақтауға деген талпынысын паш ететін ертедегі тарихымыздың жарқын беттері болып табылады. Сондықтан, мұны зерттеу қазақ этносының терең мәдени – тарихи қайнарларын ашуға мүмкіндік беріп отыр.

Археологиялық олжалардың сан-алуандылығы мұражай экспозицияларын жасап, мәдени-тарихи ландшафты қалпына келтіру қажеттігін тудызады. Бұл, ата-бабалар мұрасын көздің қарашығындай сақтап,оған өркениетті қамқорлық жасау үшін керек.

Мерке – Жетісу түркілерінің киелі жері

Көптеген ғибадатханалар орта ғасырларда көшпелілер тарапынан өздері тіршілік еткен территорияның барлық жерінде тұрғызылған. Храмдардың шоғырлана салынатын орнына ерекше мән беріліп, олардың мерейін үстем қылатын суы мен көк шалғыны мол, табиғаттың берекелі жерлері таңдалатын болған. Храмдарға атқаратын міндеттеріне қарай

микрорландшафтың мәртебелі жерінен орын бөлінген. Сонымен қатар қорғандар және көшпелілердің мүсіндері бар қоршаулар да көрікті жерлерге орналастырылып отырған.

Түркілердің сыйыну орындары, ғибадатханалары туралы мәліметтер қытай, арб, парсы, итальян, испан, орыс жазба деректерінде кездеседі. Ал мен, осы жұмысты жазғанда, көшпелілердің осы күнге дейін сақталып жеткен ғұрыптық құрылыстарын баяндаған, бүгінгі таңдағы әйгілі шығыстанушы, қазақстандық ғалым Ю.А.Зуев жазбасына сүйендім.

Көне түркілердің бүгінгі таңға дейін сақталып қалған Мерке – Мың бұлақ ғибадатханасы Қырғыз Алатауының батыс қыратында. Жамбыл облысының территориясында, Мерке өзенінің жоғарғы ағысындағы таудағы жайлауда орналасқан. Ол жерді экологиялық жағынан зерттеудің нәтижелері Мерке өңірінің табиғатының кереметтігін растай түседі. Ондағы ескерткіштерді комплексті түрде зерттеу ол өңірдің флорасы мен фаунасының түрі, құрамын талдау түркілердің киелі жері – Жетісу, расында өзінің экологиялық жағынан табиғаттың ең керемет бұрыштарының бірі екендігіне көз жеткізеді.

Бұл ғибадатханалардың бірегейлі теңіз деңгейінен 2700-3600м биіктіктегі қаймағы бұзылмаған ландшафта, флорасы мен фаунасының жағдайы ұлттық паркке сай келетін жерде болуымен де байланысты. Ондағы ғибадатханалар жасалған кезіндегідей күйінде жеткен. Олар тек уақыттың өтуіне байланысты аздап ғана бұзылушылыққа ұшыраған.

Ортағасырлық Жетісу түркілері табынып, сыйынып және әдет-ғұрыптары бойынша салт-жораларын өткізетін орын ретінде шалғынды Аралтөбе, Белсаз, Сандық, Сулысай, Шөлсай, Қарасай секілді тау қыраттарын таңдаған. Әрбір аңғарға ғибадатханалар салынып, олардың шығыс жағына табынып, құрбандық шалу үшін өздері жасаған тас мүсіндер қойылған. Мүсінделген әрбір ғұрыптық ескерткіштер жергілікті жердің топографиясында алыстан байқалады. Қорғанның арғы жағынан биік тау сілемдері көрініп тұрады.

Мерке өзенінің жоғарғы ағысында орналасқан мүсіндер жайлы мәліметтер XX ғасырдың соңына қарай жариялана бастады. Сол кезеңде жергілікті өлкетанушы, мұғалім А.П. Печерский Сандық қырытында тас мүсіндердің көптеп кездесетіндігі жайында баспасөз беттерінде жариялаған. Ол Мерке өзенінің жоғарғы ағысындағы басқа қыраттарға барып, онда елуден астам мүсіндері бар қорғандардың бар екендігін жазып, бірқатар мүсіндердің суреттерін сызып, жариялады.

Жыл сайын жүргізілген зерттеу жұмыстары нәтижесінде ғибадатханалар ескерткіші белгіленген карта әзірленді. Ол картада көшпелі түркілердің жасаған тас мүсіндерінің мемориалдық комплекстері бар орындар белгіленіп, көрсетілді. Жекелеген мемориалдық комплекстерде жүргізілген археологиялық зерттеу жұмыстары олардың хронологиясын және ғұрыптық қоршаулар мен қорғандардың мәдени мәнін топшылауға мүмкіндік берді. Монументальді өнер ескерткіштерін типологиялық классификациялау бағытында едәуір жұмыстар атқарылды.

Храм тектес ескерткіштердің көптеп шоғырлануы, олардың тас мүсіндері бар комплекс түрінде дараланып тұруы ерте орта ғасыр дәуіріндегі Жетісу түркілерінің мәдени дамуының өзіндік ерекшелігі болған деген біздің пікірімізге негіз бола алады.

Мерке ғибадатханасының материалдары Жетісу мен Қазақстанды тұтас алғанда ортағасырлық көшпенділердің ерекше мәдениеті болғандығын аңғартады. Мерке өзенінің жоғарғы ағысы бойында биік таулы альпілік шалғында салынған түркілердің ғұрыптық ескерткіштері олардың өзіндік ой-өрісін, уақыт пен кеңістіктегі өзінің орнын интеллектуалды игеруін көрсетеді.

Тарихи әдебиетте түркі ғұрыптық ескерткіштері туралы мәліметтерде, кимақтарда да үйіндінің шығыс жағынан қойылған тас мүсінді қорғандар бар екендігі айтылады. Авторлар тсатағы адамдар бейнесіне үстірттік тән екендігін ашты, мүсіннің тек алдыңғы жағы ғана өңделген, артқы және екі жағы көбінесе өңделмей қала берген. Көбінесе бет әлпеті кей жағдайда қолы мен дене бітімі бедерленеді. Ерлермен қатар әйелдер мүсіні де бедерленген, олардың кеудесі, қарны мен бөксесі көрсетіледі.

Әйел тас мүсіндері

*Сыйынатын болса өмірде құдірет,
Сыйынар ем ана деген тәңірге.*

Мерке ғибадатханасының тас мүсіндеріне талдау жасағанда, ортағасырлық түркілердің көшпелі қоғамында ерлер мен қатар әйелдер маңызды рөл атқарды деуге болады.

Түркілердің еркектік бастаумен қатар әйелдік бастауға сенуінің терең тамыры бар.

Көне түріктердің мифологиясындағы ең жоғарғы сатыда бір объект-көк аспан және құдайды білдіретін Тәңірі бар. Тәңірі құдай көне түріктер түсінігі бойынша бірнеше сипатқа ие болды: а) жоғарғыны, яғни көкті көрсетеді, ә) жаратушы қызметін атқарады, б) жазалаушы қызметін де атқарады, в) еркектік бастаумен байланысты қаралады.

Әйел құдай Ұмай көне түрік қорымдарында ғарыш құдайы Тәңірден кейін екінші орын алған. Умай ертедегі Орталық және Орта Азияны мекендеген көшпелі түркі тілдес халықтардың ұрпақ жалғастырушы береке – молшылық құдайы болған.

Көптеген түрік халықтары тілінде де «Умай!» мен «Ума» сөзі мағыналас. Олар баланың орны, жатыр, құрсақ мағынасында қолданылады.

Сонымен, ежелгі түркілердің ұғымында Тәңірі аспандағы ер ролінде көрініп, Умай – жер ана болып қабылданған. Көне түріктердің Умай анаға табынуы Күлтегін, Тоныкөк жырларында байқалады. Мұнда қағанның әкесі Тәңірге, анасы Умай анаға теңестіріледі.

Мерке ғибадатханалары ескерткіштері дәстүріне ер мен әйел мүсіндерін қатар қою тән.

Мерке өзенінің жоғарғы бойында жүргізілген археологиялық зерттеулер тас мүсіндері бар ғұрыптық ескерткіштердің таралуының, петроглифтердің шоғырланған жерінің картасы жасалды.

Археологиялық – топографиялық картада барлығы бірнеше ондаған мүсінді қорған құрылыстары көрсетілді. Онда 64 тас мүсін ашылып, оның 31-і әйел мүсіні болды.

Шөлсай 3 пен Мүйізді қара 2 қорғандарына тоқталып кетсек: Шөлсай 3 – қорған диаметрі 10 метр, биіктігі 0,8 метр екі тас мүсін ортасында тас үйінді болып табылды. Мүсіндер бір-біріне жартылай қаратылып, ер кісі мүсінінің жүзі оңтүстік шығысқа, ал әйел мүсінінің жүзі солтүстік-батысқа қаратылып қойылған.

Үйіндіні қазу кезінде көлбеу шұңқыр табылды, өлшемі: 2,3 м диаметр, тереңдігі 1,4 м. Шұңқыр түбіне күл қабаты, қалыңдығы 0,1 м дейін, салынған. Мүсіндердің түр- түсі бойынша айырмашылығы бар. Әйел мүсіні қара түсті қиыршықты граниттен, ал ер адамдікі қызыл граниттен жасалған. Ескерткіш түгел калпына келтірілді, мүсіндер бастапқы калпында орналастырылды.

Дәстүрлі ғұрыптық ритуалда қолданылатын түстік символикаға байланысты қара түс түннің және жыныстық қатынасқа түсу белгісі іспетті. Ер адамның тас мүсініндегі қызыл түс қанды, күшті білдіріп, күнмен теңестіріледі.

Мүйізді қара 2, қорған 1 және 2 ғұрыптық ескерткіштері қорғандық типтегі ғимарат болып табылады, бірақ үйіндінің шығыс жағынан жанамаланып салынған тағы да құрылысы бар. Екі ескерткіште де, жанама құрылыста да әйел мүсіндері табылды, олардың жүздері шығысқа қаратылған. Кеуде тұстары дөңгелек формалы, шығыңқы болып келеді. Екеуінің де қарын тұсында, бүгілген қолдарына ыдыс ұсталған. Қорған 1-ден шыққан мүсін қолындағы ыдыс кубок секілді, түбі жайпақ болып келеді. Мүсін қолдары айқын көрсетілген. Қорған 2-ден табылған мүсіннің алғашқыдан айырмасы: ыдыс аяғы кубок формалы, басында тақия тәріздес бас киімі көрінеді, кеудесі де білініп тұр, бірақ ыдыстың төменгі жағында сопақшалы формалы қандай да бір белгі көрінеді.

Қашқасу 1, Мүйізді қара 2 қорғаннан диаметрі 6-дан 10-ға дейінгі, биіктігі 0,5-1,2 метрге дейінгі әйел мүсіні тік бұрышты құрылыс /өлшемі 1,5-1,8 және 2,3-2,7/ астына қойылған. Тас мүсіннің беті шығысқа қаратылған.

Шайсандық 1 обасы да сақталған, ортасына диаметрі 7 метр, биіктігі 6 метрлік, әйел мүсіні қойылған ескерткіш. Мүсін шығысқа қаратылған, Шөлсай 3 және Сандық 2 қорғандарындағы әйелдер мүсіні шығыс жақта қойылған.

Мүсіні бар ғұрыптық ескерткіштер алыстан байқалады, қорғанның арасы 500 метрдей. Қорғандардың бұзылған іздері байқалады, бірақ тас мүсіндер аман сақталған. Сандық 2 қорғанындағы әйелдің құрметті жаста екендігі аңғарылады, кимешек тәрізді бас киімі бар, жүзі шығысқа қаратылған. Сүйіндік 1 және 2 қорғанында екі әйел мүсіні, ал Қоралассазы 2 ескерткіштерінде және Таяқсалды 1 ескерткіштерінде екі еркек мүсіні қатар қойылған. Ғибадатхана ескерткіштері арасында және еркектің қос мүсіні кездеседі, олар үйінді ортасында орналасқан. Әйелдер мүсіні қорғанның ортасына орналастырылған және бет- жүзі шығысқа қаратылған, бір ескерткіштерде 4-5 мүсіндер қойылған, оның 1-і еркектікі де, қалғаны 2-3 әйел мүсіні.

Таста адамдар бейнесіне жалпы тән нәрсе – мұрынның тік және танаусыз көрсетілуі. Мерке ғибадатханасында ерлер мұрны секілді әйелдер мұрындары да мүсінге танаусыз, созылыңқы қасқа жалғаса тік түсе бейнеленеді.

Меркелік барлық тас мүсіндерінің, соның ішінде әйелдер мүсінінің де, негізгі ерекшелігі – қолында ыдыс болуы. Ыдыс формасына қарамастан бәрі қарын тұсына екі қолмен ұсталады.

Әйелдердің әлеуметтік жағдайы оның әшекейлері арқылы көрсетіледі, олар мүсіндерде бір, кейде екі қатар болып берілген, сонымен қатар беті, бас киімі, құлағы мен кеудесі баса өңделе берілген, қарны мен бөксесі көрсетілген. Мүсін қолына ыдыс ұстатылған, қолындағы саусақтары да айшықтала берілген. Қағанмен қатар ел билеуші әйелдің атрибуты – шошақ келген бас киім және әшекей болды.

Мүсіндегі адамның жынысын, бас киімін және қосымша аксессуарын бейнелейтін портреттік белгілерге орай мүсін типтерін бөліп қарастыруға болады. Бұл ерлер мен әйелдер бас киімі көрсетілген мүсіндер.

Ерлер бас киімі дөңгелек тақия секілді. Барлық мүсіндегі бас киім әйелдің жасын және әлеуметтік статусын көрсетеді, түркі әйелдері гардеробындағы дәстүрлі аксессуарлар: сәукелеге ұқсас шошақ бөрікті бас киім, кимешек, тақия және чалма типтес бас киімдер кездеседі. Сәукеле – келіннің тойда киетін бас киімі және жас келіншектің де мерекелік бас киімі, ал кимешек – тұрмыстағы әйелдер киетін бас киім. Оның үстіне кимешек пен чалманың кең таралуы, түркі тілді халықтардың бетін жасырмай жүретін әйелдері кигендігін дәлелдейді. Этнографиялық байқпалар бұл бас киімдердің өте ертеден келе жатқанын байқатады.

Түркілердің еркектік бастаумен қатар әйелдік бастауға сенуінің терең еамыры бар. Ежелден әйел руханилықты таратушы, сақтаушы ретінде болды. Әйел-ана ұрпағына өз халқының даналығы мен әдет-ғұрып салт дәстүрін үйретіп, оған деген құрметті тәрбиелейді. Түркі қоғамында әйелге деген қарым-қатынас өте ерекше болған. Л.Н. Гумилев көне түркілердің шаруашылығын зерттей келе, көне түркі отбасының XIX ғасырдағы отбасынан бір ғана айырмашылығын көрсетеді, ол «түркілердің әйелге деген ерекше құрметі». Түркілердің құндылықтар жүйесіндегі негізгі өзекті нәрсесі - әйелдің теңдік жағдайы. Дала демократиясының шсы ерекшелігі Күлтегінге арналған Орхон-Енисей жазба ескерткіштерінде де көрсетілген.

Әйел-ана, қарындасы, қызы түрік қоғамында сүйіспеншілікпен қамқорлыққа ие болды. Оларды қорлау, құн ету халықтың, ұлттың, мемлекеттің күйреуіне әкеледі деп ұқты. Сондықтан, оларға қарсы жасалған қылмыстық іс өлім жазасымен жазаланды. Әр түрік үшін өз шаңырағын, анасын, әйел-балаларын қорғау, оларға қамқорлық көрсету ер-азаматтың ісі болып есептелді.

Табаи: түрік қоғамында «барлық нәрсені әйел арқылы шешуге болады» - деп, әйелдің беделінің өте зор болғандығын көрсетеді.

Әр мемлекеттің мәдени дәрежесінің көрсеткіші әйелге деген қарым-қатынысқа және оның қоғамдағы орнына байланысты болады. Көне түрік қоғамдағы әйелдің жоғары беделі, түрік мемлекетінде көшпенді өркениеттің болғанына айғақ бола алады деп есептеймін.

Пайдаланылған әдебиеттер

- 1) Ә.Әбдікімұлы. Қазақстан тарихы. Алматы, 1997.
- 2) Савинов Д.Г. Государство и культурогенез на территории Южного Сибири в эпоху раннего средневековья. Кемерово, 1994
- 3) Аманжолов А.С. Түркі филологиясы және жазу тарихы. Алматы, 1996.
- 4) Большая советская энциклопедия. 1976.
- 5) Досымбаева А.М. Мерке – Жетісу түркілерінің лиелі жері. Алматы, 2002
- 6) Зуев Ю.А., Китайские известия о Суябе. Серия История, археология и этнография.
- 7) Новгородова Э. А., Печерский А.П. Раннесредневековые скульптуры кыпчаков/новые находки 1984 г. В Джамбульской области/
- 8) Досымбаева А.М. Мемориальные памятники тюрок Жетісу по материалам святилище Мерке.
- 9) Махаева А.Ш. Көне түріктердің рухани мәдениеті. Алматы, 2002
- 10) Янборисов В.Р. Умай в верованиях народов Сибири, Средней Азии и Казахстана. (Суреттері бар.)

РОЛЬ ДРЕВНЕТЮРКСКОЙ ПИСЬМЕННОСТИ В ФОРМИРОВАНИИ У МОЛОДЕЖИ КАЗАХСТАНСКОГО ПАТРИОТИЗМА

Кошанова Светлана

СДУ, Факультет экономики, I-курс
Руководитель: Кусаинова Мейрамгуль

Аннотация

Цель исследования: определение влияния изучения древнетюркской письменности на формирование патриотических чувств у старшеклассников.